



ГРУДНОЕ
ВСКАРМЛИВАНИЕ

Нәрестені емшек сүтімен емізу. Лактация

Орындаған: Есенбаев Асқат 504 А ЖМ





Омыраумен немесе табиғи жолмен емізу — жаңа туылған адамның тамақтану формасы, жаңа туылған және еметін баланың физиологиялық адекватты тамақтануының жалғыз формасы.





Омыраумен ғана емізу:

Омыраумен ғана емізу - басқа да қосымша тамақтарды немесе сусындарды, соның ішінде суды да қолданбайтын емізу түрі (дәрілік немесе дәрумендік және минералды заттардан басқа; сауылған сүт беру кіреді).





Жасанды тамақтандыру:



Жасанды тамақтандыру – баланы жасанды қоспалармен, омыраумен емізбей тамақтандыру.





Жартылай омыраумен емізу:
Жартылай омыраумен емізу-
баланы омыраумен де, жасанды
қоспамен де, не сүтпен, не
ботқамен немесе тамақпен
тамақтандыру.





Уыз – бала туылғаннан кейін алғашқы күндері өндірілетін, жетілген сүт өндірілгенге дейін баланың ағзасына қажетті барлық элементтермен қамтамасыз етеді.



- Уызда ақуыздар көбірек, гуморалды иммунитет факторларына бай

- Уыз ішек жұмысын жақсартады

- Уызда сонымен қатар өсу факторы бар, баланың дамымаған ішектерін дамытады



- дәруменді құрамы жетілген сүтке қарағанда ерекшеленеді, бұнда А дәрумені көп.





Жетілген сүт – босанғаннан кейін бірнеше күннен кейін ғана өндерелетін сүт. Бұл кезде сүт көп мөлшерде өндіріліп, сүт безі қатты, ауыр болады.



“Алдыңғы” сүт – емізудің басында сүттің түсі көкшіл болады, онда көптеген ақуыздар және лактоза болады.



“Артқы” сүт – емізудің соңында қанық ақ түс болады. Осында май көп болады, энергетикалық құнарлығы жоғары.



Омыраумен емізу кезеңдері

- Дайындық – омыраумен емізуге болашақ ананың психологиялық дайындалуы
- Екі жақты белсендіру кезеңі – босанғаннан кейін омырауға салғаннан бастап сүттің жеткілікті өндірілуі 3-5 күнге дейінгі кезең
- Адаптационды кезең – тұрақсыз режимнан тұрақты ему кезеңіне дейінгі
- Негізгі кезең – тұрақты немесе үдемелі интервалды тамақтандыру. Баланың тұрақты салмақ қосуы.



Омыраумен емізудің 10 қағидасы

1. Омыраумен емізу тәжірибесі жайлы жазылулы түрде нақтыланған саясат болу қажет және мезгіл сайын медициналық қызметкерлерді ол хаттамамен таныстырып отыру керек

2. Бұл саясаттың орындалуы үшін барлық медициналық қызметкерлерді оқыту қажет.

3. Барлық жүкті әйелдерді омыраумен емізу артықшылықтарымен және әдістерімен ақпараттандыру.

4. Босанғаннан кейінгі алғашқы 30 минутта омыраумен емізуге көмектесу.

5. Қалай омыраумен емізу керектігін аналарға үйрету, және баласы екеуі екі жақта болса да лактацияны сақтап қалуды үйрету.

6. Жаңа туған нәрестеге омыраумен емізуден басқа тамақ немесе сусындар бермеу керек, тек медициналық көрсеткіштер болса рұқсат етіледі.

7. Ана мен баланың палатада 24 сағат бойы бірге болуына жағдай жасау.

8. Баланың қалауы бойынша емізу.

9. Жаңа туған нәрестелерге, еметін балаларға анасының сүт безін алмастыратын немесе жұбататын жасанды заттар беруге болмайды (соски, пустышки).

10. Омыраумен емізуді қолдайтын топтардың құрылуына ат салысу және әйелдерді перзентханадан шыққаннан кейін сол топтарға жолдау.

